

«Молот» Бүткүл
«Молот» Бүткүл

Такырыбы: Менин Республикам
(Тарбия сафаты)

Тарбиячыл: Емишбекова. Ү
Кыргызстан. А

Кайрат алыны. 2024ж

Тақырыбы: «Менің Республикам»

Балалар залға музыка әуесімен кіреді. Қолдарында жалауша, гүл, шарлар ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бұядірішіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Шолсан да биік аспаннан

Қарқырап кені тастардан

Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі

Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,

Токтамайды дүбір әні.

Мәңгі бақи шырқалады,

мекендерін қай Республика? Балалар: - Қазақстан Республикасы.
Саяхатшы: - Президенттерін кім? Балалар: - Қасым-Жомарт Тоқаев.
Саяхатшы: - Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме?
Балалар: - Ашық аспандай көгілдір туымыз бар. Мағыналы ән ұранымыз бар. Қасиетті бой тұмар елтаңбамыз бар. Саяхатшы: - Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?
Жүргізуші: - Біздің балалар тапқатар арқылы айтып дәлелдиді. Отаным менің Қазақстан Мәңгілік сенімен мақтанам Саянда жүрсем әрдайым Күлімдеп жүрем бақ табам. Отаным менің Қазақстан Қарызбын саған әрқашан Азаматтық борышты Өтеуге мәңгі талпынам. Отаным менің Қазақстан Атынан сенің айналам Бас иіп саған өтемін Жасай бер жаса Қазақстан. Отаным менің - Қазақстан, Ыстық қой сенің топырағын. Орманың, көлің, баубағың, Қастерлеген қазағым. Найзаның ұшымен қорғаған, Халқым менің мықты ғой. Ата-бабам әрқашан, Салт - дәстүрін сақтаған. Әрбір казак батыры, Желбіреткен көк туын. Кен байтақ жерге қазағым, Егін егіп, мал жайған. Саяхатшы: - Жарайсыңдар балалар, өркендерің өссін, талаптарың оң болсын. Енді менінде қайтатын уақытым болды. Сендерге тілейтінім білімді, ақылды, елін қорғайтын азамат болыңдар. Жігіттер ер жүректі батыр болсын, қыздар көрікті, сұлу-сымбатты, абыройлы болсын. Көріскенше сау болыңдар балалар! Балалар- Рахмет сізге Саяхатшы аға, сау болыңыз! (Саяхатшы балалармен қоштасып шығып кетеді.) Жүргізуші:- Балалар мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Айтыңдаршы балалар біздің қазақтың киелі үйі қалай аталады? Балалар- Киіз үй деп айтамыз. (кереге, уық, шаңырақ, ою басқан киіздер т.б.) Жүргізуші:- -(киіз үйді көрсету) Жарайсыңдар балалар, осы киіз үйіміздің керегелері, шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген, өте жақсы жауап бердіңдер. Олай болса, балалар киіз үйіміздің шаңырағы биік болу үшін, мен сендерге «Киіз үй» ойынын ұсынамын. Ойын: «Киіз үй» Жүргізуші:- Сән — салтанат жасайық, Күйсандықты ашайық. Бұл мереке, бұл тойға, Бимен шашу шашайық — деп ортаға бөбекжай бақшамыздың биші қыздарын шақырамыз. Би: "Қазақша" Жүргізуші: - Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не? Балалар: - Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз. Отан — сенің ата - анаң, Отан — досың, бауырың Отан - өлкең, астанаң Отан — аудан, ауылың. Отан — атам, Отан - әкем Осы сөзім қате ме екен? Қате болса неге біздер Дейміз оны атамекен. Жүргізуші: - Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан

үшін отқа түсе, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен. Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек. Сендердің еңбектерің - сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың. - Ал, балалар, біз Отан туралы мақалдар білеміз бе? Отан елдің анасы, Ел ердің анасы. Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді. Отан от басынан басталады. Отан оттан да ыстық, жалыны бар шоктан да ыстық. Отансыз адам - ормансыз бұлбұл. Отансыздың оты жанбайды. Отан үшін еңбек етсең халқыңның сүйген ұлы боласың. Отан үшін күрес - елге тиген үлес.

Жүргізуші:- Күлімде күн, күлімде! Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ!- _____ орындауында жеке ән "Мен бақытты баламын" әнін қабыл алыңыздар. Жеке ән: "Мен бақытты баламын"

Жүргізуші:- Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз! Сау болыңыздар!!!! (Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді)



«Мендер бұлақ» балалар-балалары
«Шұғыла» ортамы тобы

Тақырыбы: «Өрт тілсіз жау»

Тәрбиешілер: Құрымбай.А
Елшибекова.Ү

Шырпыны ұстап, көктемеспін.

Ата – ананың рұқсатынсыз

Сіріңкеге беттемеспін.

Айару: Алыңдар ұғып, балалар,

Істері кейде шалалар.

Шырпы, оттық, электрге

Шама келсе жоламандар.

Тағы да видео сюжетке кезек берейік.

Видео сюжет: «Өрт туралы не білеміз?»

Өрт қауіпсіздігі туралы қандай ережелер білеміз?

1. Электр жүйесінен ажыратуды ұмытпау.

2. Рұқсат етілмеген жерге электр жүйесін жүргізбеу

3. Өрттің алдын - алу, қауіпсіздікті сақта

4. Өртті сөндіруге арнайы заттарды даярлап қойған жөн. Оларға құм, су, күрек, киіз, т. б.

5. Өрт жанадан басталғанда, сумен, құм сеуіп өшіреді.

6. Адамның киімі өртенсе, суға түскені дұрыс. Су жоқ болса, топыраққа аунап, үстіне құм себуіміз керек. Болмаса адамды қалың матамен орап өшіреді.

Дидактикалық ойын: «Өрт сөндірушіге не қажет?»

От туралы қандай мақал – мәтелдер білеміз?

Отпен ойнама, күйерсің.

* * *

Ойын түбі – от.

* * *

От жакпа - пісерсің,

Ор казба – түсерсің.

* * *

Сумен ойнама – батарсың,

Отпен ойнама – күйерсің.

* * *

От пен су – тілсіз жау.

Міне, балалар бүгін біз «Өрт - тілсіз жау» деген тақырыпта ашық шара өткіздік. Жоғарыда айтылғандарды естерінде сақтап, әдепті болып жүріңдер. «Пілдің үйіндегі өрт» мультфильмін бәріміз тамашалайық.

2. Шырпымен ойнаса,
3. Үтікті қосып кетіп қалса,
4. Газды ашық қалдырып кетсе:

Өрттің шығу себептерін нақты білгілерің келсе ендіше мына видео сюжетке назар аударайық.

Шырпы туралы не білеміз?

Камила: Шырпы күнделікті өмірде қажет. Шырпы арқылы майнамады, газды т. б. нәрселерді тұтату үшін іске асырады. Шырпыны үлкендердің рұқсатынсыз алмау керек. Себебі, өрт - тілсіз жау. Шырпының адам өмірінде пайдасымен бірге зияны да болады.

Негізгі өрт қауіпсіздік шаралары туралы не білеміз? Видео сюжетке назар аударайық. Видео сюжет: «Өрт қауіпсіздік шаралары»

Газ – плитасын пайдалану

Ас үйге сән беретін газ плитасы. Көгілдір от тұрмыс - тіршілігімізді көп орын атқарады. Десек те, оны ұқыпты ұстап, жаға білуіміз керек. Егер газ плитасынан бір кемшіліктер байқалса ата - анаңа айтып ескерт. Өйткені ата - анаң газ бөлімшесінің арнаулы мамандарын шақыртады. Тұрмысымызда тағы бір көп қолданатынымыз – Электр. Электр - жарық көзі. Бір күн үйімізге электр қуаты келмей қалса, дүниені қараңғы түнек басады. Дегенмен, оны да ұқыпты пайдаланбасак, одан да өрт шығуы мүмкін.

Газ плитасы тұрған бөлмені жиі - жиі желдету керек. Егер газдың күлімсіген иісін сезсең сіріңке жағуға, электр жүйесіндегі лампаны жағуға болмайды.

Тек үйдің есік - терезелерін ашып, желдету керек.

Келесі видео сюжетке назар аударайық.

Видео сюжет: «Өрт шықса үрейленбе»

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын шешімін табыңыз

Жұмбақтар

Қандай зат ең қауіпті, көгілдір - қызыл түсті? (газ)

Қара сиырым жалап тұр, Қызыл сиырым қарап тұр (От пен қазан)

Өрт қауіпсіздігі туралы қандай тақпақтар білеміз?

Дилназ: От жақпа күйерсің

Өртеніп жүрерсің

Сіріңкені ұстасан

Бәлеге сен түсерсің

Бекжан: Оттың ісі қуырмақ

Желдің ісі суырмақ

Қазір жанған жалынды

Алып ұшып қуалмақ

Айзере: Кешір, досым, қателестім.

Мақсаты: Өрттің қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Өрттің алдын алуға балаларды ынталандыру. Сұрақ - жауап арқылы қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып сіріңкені, тұрмыстық техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерін білу. Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрттен, оттан сақтану жолдарын үйрету. Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, пайда болу жолдарын ұғындыру. Сонымен қатар оттың тілсіз жау екендігін ұқтыру. Өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы толық мағлұмат беру. Балаларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке, оттық т. б. қатерлі нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Жүру барысы:

Тәрбиеші: – Балалар, жан - жақтарыңа қараңдаршы, қандай әдемі! Терезеге қараңдаршы, күн алтын сәулелерін шашып тұр. Ендеше қоршаған ортамен амандасып жіберейік.

- Армысыз, қайырлы күн!
- Армысыз, қайырымды Аспан ата!
- Армысыз, мейірімді жер - ана!
- Армысыз, шұғылалы Алтын - күн!
- Қуанайық, шаттанайық бәріміз!
- Күліп шықты күн бүгін!
- Бәріміз күндей жарқырайық!
- Бәріміз тату болайық!
- Бәріміз дос болайық!



Тәрбиеші: балалар біз бүгін қауіпсіздік ережелерінің бірі өрттің қаншалықты қауіпті екенін білейік. «От – досымыз, от – жауымыз». Жалпы «от» деген сөзді қалай түсінесіздер? От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От – өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса тамақ піспейді, үй жылымайды. Ал тамақ ішпесек бойымызға қуат бітпейді. Бойымызда қуат болмаса өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады. Оттың пайдасымен қатар зиянды жағы да жоқ емес. Қандай зияны бар, балалар?

«Отпен ойнама, күйесің» дегендей оттың зиянды жақтарына тоқталсақ: Оттың зиянды жақтары: отты дұрыс пайдаланбаса, адам күйіп қалады. Өрттің шығу себептеріне тоқталайық. Өрттің шығу себептері туралы білгілерің келсе мына видео сюжетке назар аударайық.

Видео сюжет: «Өрттің шығу себептері»

Өрттің шығу себептері туралы не білеміз? Қане кім айтады?

Балалар: 1. Шылымның тұқылын сөндірмей тастаса;



«Мәлдір бұлақ» бөбекжай –балабақшасы

«Шұғыла» ортаңғы топ

«Білім күні»

(Тәрбие сағаты)

Тәрбиеші:Елшибекова Ұ

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Такырыбы: Білім күні

Максаты:

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Ол туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әліс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы: I. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:

Жана қадам жасалым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтындаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айттыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Атырау қаласында туып, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айттыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар: «Әлия» бөбекжай-бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріңнің Республикаларың, рәміздер жайында, елорда жайында барлығың білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең такпактарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Шаттық шеңбері:

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім — ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Кәусар: Жымыңдап күз келді,

Күліңіз сіз де енді.

Бірінші қыркүйек

Қарсы алшы біздерді!

Амир: Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышка ортақпыз,

Құтты болсын мерекеміз.

Әмір: Сырлары көп ғылымның

Шешілмеген әлі де

Тереңдігі білімнің

Керек екен бәріне!

Қасиет: Білім — менің ертегім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу — айдында

Жайып білім желкенін

Бейбарыс: Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Тәрбиеші: Қыркүйектің бірінде.

Кеудем толы дірілге.

Күлак түйем елеңдеп.

«Бақша» деген бір үнге.

Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық

Білекті бірді жығар.

Білімді мыңды жығар.

Кітап- білім бұлағы.

Білім – өмір шырағы.

Ақыл азбайды.

Білім тозбайды.

Оқы да біл.

Ойна да күл.

Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!

Ойын:Ғажайып қоржын

Максаты:Ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар,оқу

құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі

бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып,бөлек жинайды)

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай

Қоныраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы —

Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз,

қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей

жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы

қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа

оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі

ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс,

шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік

тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды.

Сау болыңыздар!!!



«Мөлдір бұлақ» балабақшасы

«Шұғыла» ересек тобы

Көлік түрлері

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тәрбиеші: Елшибекова Ұ

Қайрат ауылы

2024-2025 оқу жылы

Білім беру саласы:Қатынас

Ұйымдастырылған оқу қызмет түрі:Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: Көлік түрлері

Мақсаты:

Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. . Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін, түстерін ажыратуға үйрету.

Жолда жүру ережелері туралы білімдерін толықтыру. Жолда жүрген кезде міндетті түрде ережені сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: Қажетті құралдар, көлік түрлерінің суреттері, тапсырмаға керекті заттар

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету, слайд.

Сөздік жұмыс: машина, ұшақ, пойыз, қайық.

Оқу іс-әрекетінің барысы:

-Балалар,бізге бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр,көтеріңкі көңіл күймен қонақтармен «Шаттық шеңберіне» тұрып амандасып алайық.

Күннің көзі ашылсын,

Көкке шуақ шашылсын.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал кәнекей бәріміз,

Сәлем дейік үлкенге.

-Сәлеметсіздер ме апайлар!

Бүгін біздің оқу іс-әрекетіміз ерекше болмақ,қарандаршы тобымыз да өте әдемі болып тұр , сендерде сондай әдемі болып тұрсындар.Мен сендерге бірнеше сұрақтар қояйын ал сендер мұқият тыңдап жауап беріндер.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Аттарын атап өтейік?

Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырамын сендер жауабын айтасындар жарайды ма, мұқият тыңдап алып жауап беріндер.

Кеудесінде жаны жоқ.

Тамырында қаны жоқ.

Май жейді, су ішеді.

Бұл не екен балалар? (жеңіл көлік)

Үтікке міндім.

Мұхитта жүздім (кеме)

Қанатын қақпайды

Жерде де жүреді,

Бауырлап жатпайды. (ұшак)

Балалар мен жәйден жай көліктер туралы жұмбақ жасырған жоқпын сендерге ,себебі бүгінгі оқу іс-әрекетіміз көліктер жайлы болмақ.Айтындаршы маған сендер қандай көлік түрлерін білесіндер?

Балалардың жауаптары

Өте жақсы, олай болса барлығымыз бірге көліктер мен жақынырақ танысу үшін саяхатқа барайық, ол үшін көлікке отырып барамыз.(музыка әуенімен барамыз) мені мұқият тыңдайық.

Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады.Олардың төрт түрі болады.

-Балалар көліктер жолда жүретін,суда жүзетін ,әуеде ұшатын , темір жолмен жүретін көліктер болып бөлінеді екен.

Ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған,кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді ойлап тапқан.

Жолда жүретін көліктерге күнделікті көріп жүрген көліктеріміз жатады,оның ішіне жеңіл көліктер,автобус, трактор т.б.көлік түрлері жатады.(дыбыстарын тыңдату)

Тактак: Зу-зу етіп көшеде,

Күн-түн тыным таппайды.

Төрт дөңгелек дөңгелер,

Төрт аяқпен шаппайды. Мирас

Көлік жүрді, көлік жүрді,

Бағдаршамға тоқтады.

Жасыл жанды, жасыл жанды,

Көліктер жүре бастады.

Қызыл жанды, қызыл жанды,

Көліктерде тоқтады.

Айша

Содан кейін темір жол көліктерін трамвай, поездарды ойлап тапқан. (дыбыстарын тыңдату)

Одан кейін неге біз құстар құсап аспанды көрмейміз деп түрлі жолдарын іздестіріп ен алдымен әуе шары пайда болды, кейін моторы бар ұшақтар мен тік ұшақтарды ойлап тапты. (дыбыстарын тыңдату)

Әуедегі көліктерге ұшақ, тікұшақ, зымыран, әуе шарлары жатады. (дыбыстарын тыңдату)

Тақпак: Ұшағым бар ойыншық,

Ұшырмасам ұшпайды.

Айналам деп аспанда,

Шаршағанға ұқсайды. Айым

Ал бұрынғы уақытта адамдар өзендерден өту үшін бөренелер арқылы жүзіп өтетін болған, уақыт өте келе қайықтар мен кемелерді ойластырып тапқан.

Суда жүретін көліктерге кеме, қайықтар жатады.

Балалар сендер бүгін көліктер жайлы біраз мағлұмат алдыңдар сендерге ұнады ма?

Олай болса біз өзіміздің тобымызға оралып оқу іс-әрекетімізді топта жалғастырайық. (топқа оралу)

Қимылды ойын: «Бағдаршам»

Максаты: Балаларды ойын шартымен таныстыру, түстерді ажыратуды үйрету, жылдамдыққы, шапшаңдыққы дағдыландыру

Балаларды екі топқа бөліп тапсырма орындату.

1.топ ұшақтар

2.топ көліктер

Екі топқа екі түрлі тапсырма беру, бірінші топқа ұлттық ою-өрнектермен нақышталған әр түрлі пішіндер беріледі, пішіндердің арасынан бауларды өткізу керек.

Екінші топқа да әр түрлі пішіндер беріледі үстінде тесілген асықтар ,сол асықтардың тесіктерінен бау өткізу керек (тапсырма орындайды)

Тапсырманы қорытындылау

Балалар барлығымыз бірге ойын ойнаймыз ба?

Олай болса ойынның аты «Түстерді ажырат» деп аталады

Ойын шартын түсіндіру

Қорытынды:

-Балалар сендерге бүгінгі оқу іс-әрекеті ұнады ма?

-Бүгін нелер жайлы өттік?

-Көліктің қандай түрлері бар екен, есімізге түсірейікші ол үшін көліктердің дыбыстарын естіп есімізге түсіріп алайық.

«Дыбысынан ажырат»

Бағалау:

Ал балалар мынау менің қолымдағы сиқырлы сандық қазір осы сандықтың ішінен бүгінгі оқу іс-әрекетіне керемет жақсы қатысқан балалардың суреті шығады, қазір мен қастарыңа барып ашып көрсетемін егер сол баланың суреті шыкса онда менің сыйлығым бар. Балаларға сыйлықтарын тарату.

Күтілетін нәтиже:

1. Қойылған сұрақтарға жауап береді .

2. Көліктердің түрлерін ажыратады.

3. Тапсырмалар орындайды, түстерді ажыратады, ойындар ойнайды.